

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ



Бекітемін  
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а.  
Т.О. Балыкбаев

2020 ж.

ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВ АТЫНДАҒЫ АҚЫНДАР ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

Көшірмесі	Коды	Басылым	Дайындалды	Келісілді	Келісілді
	Е ҚазҰПУ 09-01-08	Екінші	Сезімхан Ш. <i>Сезімхан Ш.</i>	Ішпекбаев Ж.Е. <i>Ж.Е. Ішпекбаев</i>	Оразғали Ә.Д. <i>Ә.Д. Оразғали</i>
				Жусупбеков С.С. <i>С.С. Жусупбеков</i>	Норма бақылау Жанбаева Л.А. <i>Л.А. Жанбаева</i>

Алматы, 2020

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығы(бұдан әрі- Орталық) университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2. Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 -III, 2018 жылғы 4 шілдеде өзгертулер және толықтыруларымен), 2015 жылдың 9 ақпанындағы № 285-V 9 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын (2018 жылғы 13 маусымындағы өзгертулер мен толықтыруларымен), Халықаралық ISO 9001: 2015 сапа стандартын, Университет Жарғысын, ҚазҰПУ 3006-17 Ішкі тәртіп ережелерін, Университет Жарлығын, өкімдерін, бұйрықтарын, нормативтік құжаттарын және аталмыш Ережені басшылыққа алады.

1.3. Орталық тәрбие, жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректорға бағынады.

1.4 ISO 37001: 2016 халықаралық стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелерін. Талаптарын қолдану жөніндегі нұсқаулық», сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және басқа да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы университет ережелерін, талаптарын басшылыққа алуы керек.

## **2. БӨЛІМ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

2.1. Университеттегі мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және барлық ұйымдастырылған іс-шараларға атсалысу.

2.2. Университет аясындағы талантты студенттерді анықтауға.

2.3. Талантты студент жастарды (айтысқа, өлең жазуға, дәстүрлі ән айтуған) іріктеп, олармен үнемі жұмыс жасап отыру.

2.4. Жас айтыскерлерді және жазба ақындарды республиканың барлық өңірлерінде өткен байқауларға қатыстыру.

2.5. Белгілі ақындармен шеберлік сыныптар өткізу.

2.6. Университетте талантты студенттердің шығармашылығын шыңдау мақсатында шаралар өткізу.

2.7. Орталықта әдебиетке жаны құштар студенттердің басын қосып, шығармаларының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануына және университеттің көмегімен кітаптарын шығарып шабыттандыру.

2.8. Белгілі қоғам және өнер қайраткерлерін шақырып университет жастарымен кездесулер өткізуге.

## **3. ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

3.1. Орталық жетекшісі Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен тағайындалады.

## **4. ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **4.1. О.Досбосынов атындағы жас ақындар орталығы құқылы:**

- Студенттер арасында мәдени шаралар өткізуді жоспарлауға;

	КЕАҚ «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 02.12.2020	Басылым: екінші
	Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығы туралы ереже	ҚазҰПУ ЛН 09-01-08	Бет. 1-3

- Ақындар орталығындағы жас студент ақындарды университет тарапынан ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға қатыстыруға;
- Орталық жұмысына қажетті мәліметтерді университеттің құрылымдық бөлімшелерінен алуға;
- Университеттің оқудан тыс іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру, дайындау және өткізуге тікелей қатысуға.
- Университет басшылығынан немесе «Парасат» орталығының мамандарынан сыбайлас жемқорлыққа қатысты проблема немесе жағдай туындаған кезде не істеу керектігі туралы кеңес алу.

#### **4.2. Орталық міндетті:**

- Университет ректорымен жүктелген міндеттерді, жарғылар мен бұйрықтарды орындауға;
- Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты департаменті нұсқауымен жұмыс жасауға;
- Университет қабырғасындағы талантты ақындарды анықтап алуға;
- Талантты, өнерлі студент жастарды қолдауға.

### **5. О.ДОСБОСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЖАС АҚЫНДАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

Орталық жетекшісі орталық туралы ережеде көрсетілген талаптарды сақтамағаны үшін әкімшілік шаралар қолданылады.

### **6. О.ДОСБОСЫНОВ АТЫНДАҒЫ АҚЫНДАР ОРТАЛЫҒЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

Ректордың бұйрығымен қайта жасақталады және жұмысын тоқтата алады.